

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрінің 2000 жылғы 11 шілдедегі N 65, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2000 жылғы 11 шілдедегі N 388 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1226. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер Министрінің 2002 жылғы 12 желтоқсандағы N 08-1/77, ҚР Ішкі істер Министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 Бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібін одан әрі жетілдіру
мақсатында Бұйырымыз:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. 1996 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бірлесіп бекіткен Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқаулықтың күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер Министрі Ішкі істер Министрі

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

төрағасы

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер Министрлігі
2000 жылғы 11 шілдедегі
N 65 бұйрығымен және
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі
2000 жылғы 11 шілдедегі
N 388 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы Нұсқаулығы

1. Жалпы ереже

1. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерінде өзгеше тәртіп белгіленбесе шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының визасы болған жағдайда, Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі жарамды төлқұжаты немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша мемлекеттік шекарадағы халықаралық және жолаушы қатынастары үшін ашық өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

2. Визалар мынандай санаттарға бөлшектенеді:

- 1) дипломатиялық;
- 2) қызметтік;
- 3) инвесторлық;
- 4) іскерлік;
- 5) жеке;
- 6) туристік;
- 7) оқуға арналған;
- 8) жұмысқа арналған;
- 9) емделуге арналған;

10) тұрақты тұруға арналған.

2. Дипломатиялық визалар

3. Дипломатиялық визаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР СІМ), ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемелері және консулдық пункттері, ал ондайлар болмаған жағдайда дипломатиялық төлқұжатты иемденген шетелдік азаматтарға Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері:

1) дипломаттарға - шетелдік дипломатиялық өкілдіктің, консулдық мекемелердің қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдеріне;

2) жоғарыда аталған санаттағы тұлғалардың отбасы мүшелеріне;

3) шетелдік дипломатиялық курьерлерге;

4) шетел азаматтарына - Қазақстан Республикасы ресми таныған мемлекеттердің үкімет, парламент мүшелеріне, белгілі қоғамдық және саяси қайраткерлеріне;

5) шетелдік дипломаттарға, штаттық және құрметті консулдарға, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы арқылы үшінші мемлекетке транзитпен өтетін дипломаттық курьерлерге, егер осы барлық

тұлғалар Қазақстан Республикасы таныған мемлекеттердің азаматтары болып
табылса береді.

4. Қазақстан Республикасына келетін немесе Қазақстан Республикасы арқылы
транзитпен өтетін шетелдік азаматтарға олар ұлттық төлқұжаттарын көрсеткен
жағдайда, дипломатиялық виза берілуі орынды деп танылған кезде
дипломатиялық визалар берілуі мүмкін.

5. Дипломатиялық визалар:

1) дипломаттық төлқұжатты көрсеткен тұлғаларға олардың дипломаттық
сапасы Қазақстан Республикасында танылмаған жағдайда;

2) дипломаттық поштаны тасушы тұлғалар, егер олардың дипломатиялық
төлқұжаты болмаса берілмейді.

3. Қызметтік визалар

6. Қызметтік визаларды ҚР СІМ, ҚР СІМ-нің шетелдегі мекемелері мен
консулдық пункттері, ал ондайлар болмаған жағдайда Қазақстан
Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері, сондай-ақ ҚР СІМ
консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде Қазақстан
Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР ІІМ):

1) Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің
және консулдық мекемелердің қызметтік және техникалық құрамына жататын
шетелдік азаматтарға;

2) Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің
және консулдық мекемелердің қызмет көрсетушілеріне жататын шетелдік
азаматтарға;

3) жоғарыда аталған санаттағы тұлғалардың отбасы мүшелеріне;

4) дипломатиялық поштаны тасушы тұлғаларға, егер олардың дипломатиялық
төлқұжаты болмаса;

5) Қазақстан Республикасы таныған шетелдік мемлекеттердің министрліктері
мен ведомстволарының, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың,
қоғамдардың, қорлардың, компаниялардың, фирмалардың және басқа да заңды
тұлғалардың тапсырмалары бойынша қызметтік немесе қоғамдық істер бойынша
Қазақстан Республикасына келетін шетелдік азаматтарға, олардың көрсеткен
төлқұжаттарының санаттарына байланысты емес Қазақстан Республикасы
мемлекеттік органдары және мемлекеттік заңды тұлғаларының сапардың
қызметтік сипатын растайтын шақырулары болған жағдайда береді.

4. Инвесторлық визалар

7. Инвесторлық визаларды ҚР СІМ, ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелері мен
консулдық пункттері, ҚР СІМ-нің және ҚР СІМ КҚД-і басшылығының
нұсқауымен өтініш білдірген күні шақырусыз немесе дипломатиялық өкілдіктер
мен консулдық өкілдіктер басшыларының келісімі бойынша ірі шетелдік

компаниялар немесе Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің өтініш жасауымен "ТМД елдеріне келуге тыйым салынған тұлғалар тізімі" бойынша алдын-ала тексерумен және виза берілген дерек туралы келесі кезекте ҚР СІМ-н хабардар етумен мына санаттағы шетелдік азаматтарға:

1) Қазақстан Республикасында іскерлік мақсатпен болатын, сондай-ақ Қазақстан экономикасын инвестициялауға нақты қатысуға жіберілген дүниежүзіне белгілі шетелдік фирмалар мен компаниялардың басшыларына;

2) Қазақстан рыногында жұмыс істейтін немесе бизнес жобаларын дамыту жөнінде нақты жоспары бар ірі шетелдік фирмалар мен компаниялардың басқару буындарының өкілдеріне береді.

8. "Инвесторлық" санаттағы визалармен шетелдік азаматтардың төлқұжатын тіркеу Қазақстан Республикасының аумағында ҚР СІМ және шет елдерде оның өкілдіктері визаларды ресімдеу сәтінде алғашқы үш сан виза берген консулдық мекеменің кодын (мысалы: тіркеу N 929/15 ҚР СІМ), ал одан кейінгілер тіркеудің реттік санын білдіретін визалық жапсырманың "Қосымша мәліметтер/additional information" бағанында тиісті жазба енгізу жолымен жүргізіледі. Сонымен бірге "ҚР СІМ" сөзі виза берілген жеріне қарамастан өзгермейді.

Визалардың берілуі және олардың тіркелуі туралы кешіктірілместен бекітілген тәртіпте ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментін хабардар етеді.

9. Қазақстанда нақты экономикалық қызметті жүзеге асыратын ірі шетелдік фирмалар мен компаниялардың басқару буындарының басшылары мен өкілдеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ҚР СІМ-мен келісім бойынша бір жылға дейінгі мерзімге көп мәртелік инвесторлық виза берілуі мүмкін.

Занды тұлғалардың бірінші жетекшілеріне, Қазақстан Республикасының әділет органдарында есептік тіркеуі бар ірі шетелдік компаниялардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларына, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ҚР СІМ-мен келісім бойынша екі жылға дейінгі мерзімге көп мәртелік инвесторлық виза беріледі.

10. Транзитпен өтетін үшінші елдердің азаматтарына немесе ҚР СІМ-нің шетелдік мекемесі болған елде өкілдігі бар, олардың мәртебесін растайтын тиісті құжаттары бар болған жағдайда тек ірі трансұлттық фирмалардың және компаниялардың жетекшілеріне инвесторлық визалар береді.

11. Аталған санаттағы визаларды ресімдеу кезінде, консулдық тариф, құжаттарды өңдеу мерзімдеріне қарамастан жеделдік тарифтерді қолданусыз кәдуілгі тариф бойынша өндіріліп алынады.

12. Инвесторлық виза берген үшін оларды ресімдеу жөнінде түпкілікті шешім қабылдайтын елшілер, дипломатиялық миссиялардың басшылары, бас консулдар, консулдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

5. Іскерлік визалар

13. Іскерлік визаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелері мен консулдық пункттері, ал ондайлар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері, сондай-ақ ҚР СІМ-нің консулдық мекемелері берген бастапқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Астана қаласының Ішкі істер басқармасы (бұдан әрі қарай - ІІБ), Алматы қаласының Ішкі істер Бас басқармасы (бұдан әрі қарай - ІІББ) және облыстардағы ІІБ:

1) Қазақстан Республикасында тіркелген мемлекеттік емес ұйымдардың, компаниялардың, фирмалардың және басқа заңды тұлғалардың өтініші негізінде берілген, оларда ішкі істер органдарының рұқсаты бар жағдайда (тек іскерлік және коммерциялық сипаттағы, іскерлік келіссөздерге, кеңесулерге, симпозиумдарға, конференцияларға, тендерлерге, контрактілерге қол қоюларға қатысуға, бірлескен кәсіпорындар құруға, қазақстандық рынокты зерделеуге, аукциондарға, көрмелерге, жәрменкелерге қатысуға, сауда операцияларын және халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға, консультативті және аудиторлық қызмет көрсетуге) іскерлік мақсатпен жіберілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында болатын шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға.

2) Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаларда көрсетіліп, құрылған компанияларда немесе өкілдіктерде, филиалдарда еңбек қызметін жүзеге асыру үшін іссапарға жіберілген, Қазақстан Республикасындағы ірі шетелдік бейрезидент компаниялардың қызметкерлері болып табылатын шетелдік азаматтарға беріледі.

14. Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ, ҚР СІМ-нің консулдық мекемелері берген бастапқы визалар болмаған жағдайда оларды ұзарту құқығынсыз 15 тәулікке дейінгі мерзімге кету іскерлік визаларын беруі мүмкін.

6. Жеке визалар

15. Жеке визаларды шет елдердегі ҚР СІМ-нің консулдық мекемелері мен дипломатиялық өкілдіктері береді, ал ондайлар болмаған жағдайда - ҚР СІМ консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері, сондай-ақ ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ.

ҚР Ішкі істер органдары берген шақырулары бар болған жағдайда Қазақстанға туыстары мен таныстарына қонаққа демалысқа немесе басқа да жеке сипаттағы мақсаттармен келетін шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға беріледі.

16. Жеке визалар ерекше жағдайларда шақырусыз:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеде тұрған шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға, шетелде тұрақты тұратын және неке туралы куәлігі бар болған жағдайда бір айға дейінгі мерзімге, бірақ жыл ішінде екі реттен көп емес;

2) дәрігер куәландырған халықаралық жедел хат /телеграмма/ болған жағдайда бір айға дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасына туыстарын немесе таныстарын жерлеуге келетін (сондай-ақ, ауыр науқас жағдайларында) шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға берілуі мүмкін.

Ескертпе: Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары берген Қазақстан Республикасына уақытша келуге арналған шақырулар берілген күннен бастап 12 ай ішінде жарамды.

7. Туристік визалар

17. Туристік визаларды Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік туристерді қабылдау және қызмет көрсету жөніндегі туристік қызметті жүзеге асыру құқығында лицензиясы бар, сондай-ақ ішкі істер органдарының рұқсаты және ҚР СІМ-нің визалық қолдауымен Қазақстан Республикасы туристік ұйымдарының шетелдік азаматтарды қабылдау туралы растамасы бар болған жағдайда, шет елдердегі ҚР СІМ-нің консулдық мекемелері мен дипломатиялық өкілдіктері:

шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға 30 тәуліктен көп емес мерзімге және тек ерекше жағдайларда (туристің науқастануы, табиғаттық катаклизмдер, төтенше жағдайлар және т.б.) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ-да ұзартылады.

18. Қажет болған жағдайларда шақырған туристік ұйым шетелдік туристердің Қазақстан Республикасының аумағына екі мәрте кіру қажеттілігін негіздейтін туристік топтың (туристің) сапар бағытын көрсеткен кезде 60 тәуліктік мерзімнен аспайтын екі мәртелік туристік виза берілуі мүмкін. Сонымен қатар туристің Қазақстанда әрбір болуы 30 тәуліктен аспауға тиіс.

19. Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері болмаған жерлерде Қазақстанға шет елдерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша ҚР СІМ мен ҚР ІІМ бірлесіп, Қазақстан Республикасының туризм және спорт жөніндегі агенттігімен айқындалған тізімдегі елдерден келетін туристерге, ҚР СІМ консулдық пункттерінде туристік ұйымдардың өтініші бойынша белгіленген тәртіпте туристік визалар ресімделуі мүмкін.

8. Оқуға арналған визалар

20. Оқуға арналған визаларды ҚР СІМ және оның шетелдік мекемелері, ал ондайлар болмаған жағдайда - ҚР СІМ консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері, сондай-ақ ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ :

шетелдіктерді оқытуға құқығы бар оқу орындарының өтініштері негізінде берілетін ішкі істер органдарының рұқсаты болған жағдайда Қазақстанға оқу үшін, оқулық тәжірибеге, сынақ мерзімін өткізуге келетін шетелдік азаматтарға б е р е д і .

21. Шет елдерде Қазақстан Республикасының визаларын беруге уәкілеттік берілген консулдық мекемелер болмаған жағдайларда ерекше түрде оқуға арналған визаларды ҚР СІМ-нің консулдық пункттері бере алады.

9. Емделуге арналған визалар

22. Емделуге арналған визаларды ҚР СІМ, ҚР СІМ-нің мекемелері мен консулдық пункттері, ал ондайлар болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері, сондай-ақ ҚР СІМ консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ:

Қазақстанға емделу, медициналық тексерілу, кеңес алу үшін және басқа да осыған ұқсас мақсаттармен тиісті мекемелер және ұйымдардың өтініштері немесе белгіленген тәртіппен ресімделген шақыру сипатын растайтын өзге де құжаттар негізінде берілетін ҚР ішкі істер органдарының рұқсаты болған жағдайда шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға береді.

23. Ерекше жағдайларда жедел медициналық араласуды қажет ететін кездерде емделуге арналған визаларды ҚР СІМ-нің консулдық пункттері бере алады.

10. Жұмыс істеуге арналған визалар

24. Жұмыс істеуге арналған визаларды ҚР СІМ, оның шет елдердегі мекемелері, ал ондайлар болмаған жағдайда - тек ҚР СІМ-нің растамасы болған кезде Қазақстан Республикасының арнайы уәкілеттік берілген өкілдері, сондай-ақ ҚР СІМ консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде ҚР ІІМ , Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ:

1) белгіленген тәртіпте ресімделген шақыру және жұмыс берушімен жасалған контракт, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің шақырушы ұйымдарға шетелдік жұмыс күшін тарту құқығын беретін рұқсаты (лицензиясы) болған жағдайда Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге келетін шетелдік азаматтарға беріледі. Рұқсатқа (лицензияға) Қазақстанда жұмыс істеу үшін тартылған тұлғалардың төлқұжаттық мәліметтерімен бірге жауапты тұлға қол қойған және мөрмен расталған тізім

қ о с а

б е р і л у і

қ а ж е т ;

2) Халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасына жұмыс істеуге келетін шетелдік азаматтарға беріледі.

25. Шет елдердегі виза беруге уәкілеттігі бар ҚР СІМ-нің консулдық мекемелері болмаған жағдайда жұмыс істеуге арналған визаларды ҚР СІМ-нің консулдық пункттері бере алады.

11. Тұрақты тұруға арналған визалар

26. Шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға тұрақты тұруға арналған визаларды ҚР СІМ-нің растамасы және белгіленген заңды тәртіппен ресімделген басқа да қажетті құжаттары болған жағдайда Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері береді.

12. Болу мақсатындағы визалардың сәйкестігі

27. Келу визаларын беру негіздемесі шет ел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу мақсаттарымен сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасына туыстарының және таныстарының шақырулары бойынша, яғни, жеке істері бойынша келген, сондай-ақ іскерлік мақсатпен, оқуға және турист ретінде келген шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмысқа орналаспайды, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, визада көрсетілген келу мақсаттарымен байланысты емес өзге де қызметпен айналыса а л м а й д ы .

Шет елдік жұмыс күшін лицензиясыз тартуға (әкелуге) сондай-ақ 13 тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалардан басқа, тиісті рұқсатсыз Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктерге еңбек қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.

13. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге визалар беру

28. "Дипломаттық", "қызметтік" және "инвесторлық" визаларды қоспағанда барлық санаттағы визаларды белгіленген тәртіпте ресімделген өтініш-хатпен өтініш білдірілген кезде ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІБ және облыстардың ІІБ:

әр-түрлі мақсаттармен елден тысқары шығу кезінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға береді.

14. Визалардың түрлері

29. Визалар түрлері бойынша:

1) к е л у

2) к е л у - к е т у

3) к е т у

4) к е т у - к е л у

5) транзиттік болып бөлшектенеді.

30. Тұрақты тұруға визалар келу және кету ретінде ресімделеді.

31. Оқуға және емделуге арналған визалар келу, кету-келу және кету ретінде беріледі.

32. Дипломаттық, қызметтік визалар және жұмысқа арналған визалар келу, келу-кету, кету-келу және кету ретінде берілуі мүмкін.

33. Инвесторлық, іскерлік және туристік визалар келу-кету және кету ретінде ресімделеді.

34. Жеке визалар келу-кету, кету-келу және кету ретінде ресімделеді.

35. К е л у в и з а л а р ы :

1) Қазақстан Республикасында ашылған дипломатиялық өкілдіктерде, консулдық мекемелерде және басқа халықаралық өкілдіктерде, бір жылдан жоғары кезеңге жұмыс істеу үшін және олардың отбасы мүшелеріне;

2) Қазақстан Республикасына жұмысқа, оқуға, емделуге жіберілетін шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға үш айдан жоғары кезеңге, сондай-ақ тұрақты тұруға беріледі.

36. Келу визалары берілген күннен бастап, 3 айдан жоғары емес, ал тұрақты тұруға келетіндерге 6 айдан көп емес қолданылу күші бар мерзімге беріледі.

37. К е л у - к е т у в и з а л а р ы :

Қазақстан Республикасына қызметтік және жеке істері бойынша, жұмысқа келетін шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға, іскерлік мақсатта жіберілетін адамдарға, сондай-ақ туристерге және 35 тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген тұлғаларға беріледі.

38. Келу-кету визалары "дипломаттық", "қызметтік" және "инвесторлық" санаттағы визаларды қоспағанда бір жылдан жоғары емес, ал жеке істері бойынша келу үшін үш айдан көп емес жарамды мерзімге беріледі.

39. К е т у в и з а л а р ы :

1) 35 тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасынан кету кезінде өкілдіктердің қызметкерлері - шетелдік азаматтарға және олардың отбасы мүшелеріне;

2) Жұмыстар, оқу, емделу аяқталғаннан кейін немесе басқа да себептер бойынша Қазақстан Республикасынан түпкілікті кетуіне байланысты шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа елдерге тұрақты тұруға кететіндерге беріледі.

40. Кету визалары берілген күнінен бастап, 15 күннен аспайтын, ал тұрақты тұруға кететіндерге 6 айдан аспайтын жарамды мерзімге беріледі.

41. К е т у - к е л у в и з а л а р ы :

1) дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және басқа халықаралық өкілдіктердің қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстанға жұмыс істеуге, оқуға, емделуге және т.б. келген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға, Қазақстан Республикасынан уақытша тысқары шығатындарға және
о т б а с ы м ү ш е л е р і н е ;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға, оларға уақытша елден тысқары шығатын кезде
б е р і л е д і .

42. Транзиттік визаларды :

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуі үшін, олардың визасыз транзитке құқығы жоқ болған кезде, оларда үшінші елге кіруге жарамды құжаттары (виза) мен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан портқа немесе стансаға келген сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының аумағында ауысып міну пунктінен кететін күні расталған тиісті жол жүру құжаттары (билеттері) болған жағдайда ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелері мен консулдық пункттері шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ
т ұ л ғ а л а р ғ а б е р е д і .

43. Транзиттік визалар үш тәулік ішінде бір бағытта транзиттік өту кезінде 30 тәулікке дейінгі мерзімге оның иесіне жоғарыда көрсетілген мерзім кезеңінде Қазақстан Республикасында болу құқығымен беріледі.

44. Транзиттік визаларды ресімдеу кезінде (ТВ сериясындағы визалық жапсырма) "басталу мерзімі/valid from" және "аяқталу мерзімі/valid until" бағанында екі күн қойылады: біріншісі, визаның жарамды мерзімі басталатын, екіншісі, қай уақытқа дейін жарамдылығы.

45. Транзиттік визаны екі жаққа ресімдеу қажеттілігі жағдайында екі (дубль) транзиттік, олардың әрқайсысында келу-кету және шекараларды қайта кесіп өту нақты кезеңі көрсетілген (30 тәулікке дейін) визалар беріледі.

46. Мемлекеттерден Қазақстан аумағы арқылы транзитпен келетін шетелдік азаматтар олардың шекараларында Қазақстан Республикасының бақылау-өткізу пункттері болмағанда, Қазақстанда болу кезеңінде өзімен бірге Қазақстан Республикасының аумағына кірген күнін растайтын құжаттары (жол жүру билеті) болуы тиіс, ол туралы Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері хабардар етеді.

15. Визаның еселілігі

47. Бір мәртелік виза үш айлық жарамды мерзімге дейін ресімделіп, Қазақстан Республикасына бір рет келуге және Қазақстан Республикасынан
к е т у г е қ ұ қ ы қ б е р е д і .

48. Бір мәртелік визаларды ҚР СІМ, ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелері мен консулдық пункттері, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 73-ші тармағымен көзделген

негіздеме болған жағдайда ҚР СІМ, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының БІІБ және облыстардың ІІБ шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға береді.

49. Қазақстан Республикасының аумағында бір мәртелік визалар:

1) ҚР СІМ, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары және мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ашылған дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және өзге де шетелдік өкілдіктердің өтініші бойынша ҚР СІМ-де төлқұжаттары тіркелген шетелдік азаматтарға ;

2) ҚР СІМ консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының, БІІБ және облыстардың ІІБ, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша береді.

50. Көп мәртелік визалар екі жылға дейін жарамды мерзімге ресімделіп Қазақстан Республикасына бірнеше мәрте келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге құқығын береді және екі мәртелік, үш мәртелік және көп мәртелік болып бөлінеді.

51. Шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға көп мәртелік визаларды ҚР СІМ және оның шетелдік мекемелері, сондай-ақ бастапқы визалар және жеткілікті негіздеме болған жағдайда (контракттілер, келісімдер, шарттар, бизнес-жоспарлар, лицензиялар, жұмыс қызметіне арналған рұқсатнамалар және т.б.) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша белгіленген заң тәртібімен ресімделген қабылдайтын тараптың жазбаша өтініштері немесе шақырулары бойынша ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ және Алматы қаласының БІІБ береді.

52. Қазақстан Республикасының аумағында көп мәртелік визалар:

1) ҚР СІМ, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары және мемлекетті заңды тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және өзге де шетелдік өкілдіктердің өтініштері бойынша ҚР СІМ-де төлқұжаттары тіркелген шетелдік азаматтарға ;

2) ҚР СІМ консулдық мекемелерінің бастапқы визалары негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, компаниялардың, фирмалардың, қорлардың, қоғамдардың, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ҚР ІІМ, Астана қаласының ІІБ және Алматы қаласының БІІБ береді.

53. "дипломаттық", "қызметтік", "инвесторлық", "іскерлік" және "жұмыс істеуге арналған" санаттағы визалар бір мәртелік және сонымен қатар, көп

мәртелік сапарларға, "туристік" екі мәртелік сапардан көп емес, "жеке" тек бір мәртелік сапарға берілуі мүмкін.

16. Топтық визалар

54. Топтық визалар Қазақстан Республикасына ұйымдасып келу, Қазақстан Республикасынан кету немесе шетел азаматтары топтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті кезінде, ол мақсатқа сай және орынды немесе жеке визаларды ресімдеу үшін қиындықтар болғанда ресімделеді.

Мұндай визаларды беру үшін барлық топ мүшелерінің Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі кезінде бір уақытта болуы және шекарадағы бақылау-өткізу пунктінен өтуі, Қазақстан Республикасы аумағы бойынша топ құрамында жүріп-тұруы мен қандай да бір пунктте болуы міндетті шарттар болып табылады.

55. Топтық визаларды ҚР СІМ-нің шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, егер халықаралық шарттар мен келісімдерде өзге тәртіп көзделмесе құзырлы органдармен келісілген, ҚР СІМ-нің визалық қолдауы бойынша ҚР СІМ-нің консулдық пункттері береді.

Топтық визаларды, сондай-ақ шетелдік азаматтар тобын Қазақстан Республикасынан кетіру кезінде ҚР ІІМ, Астана қаласындағы ІІБ, Алматы қаласындағы БІБ және облыстардағы ІІБ-лары береді.

Топтық визалар атаулы тізімдерде алфавиттік тәртіпте құралатын нысан бойынша ресімделеді:

Аты, фамилиясы	Күні, айы және туған	Жынысы	Құжат	Азаматтығы нөмірі
			ж	ы л ы
2	3	4	5	6

Виза бөлек қағаздың жеке парағында жабыстырылып осы Нұсқаулықтың 17 бөліміне (Визаларды ресімдеу) сәйкес толтырылады. "Төлқұжат N/passportN" бағанында "топтық" жазылады, "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында тізім бойынша келетін (кететін) саны көрсетіледі (мысалы: "25 адамға тізім қоса беріліп отыр").

Визасы бар парақтың төменгі бөлігіне мына жазу қойылады: "Қоса беріліп отырған тізімде көрсетілген әрбір тұлға (_____ фамилиясымен басталатын және _____ фамилиясымен аяқталатын) БӨП-де жеке басын куәландыратын төлқұжат немесе фотокәртішкемен басқа құжатын көрсеткен кезде ғана осы виза жарамды".

Виза мен парақ тізіммен бірге жоғары сол бұрышын майыстыру жолымен тігіледі, ол консулдық мекеменің мөрімен немесе Қазақстан Республикасы ішкі істер органының визалық мөрімен бекітіледі.

Визаны берген консулдық лауазымды тұлға (көші-қон полициясының лауазымды тұлғасы) тізімнің төменгі жағына (лауазымын және фамилиясын көрсетіп) қол қояды, қойылған қол Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің немесе ішкі істер органының мөрімен расталады.

Жабыстырылған визамен тізім бір данада жасалынады, түпнұсқа топ жетекшісінде қалады, ксерокөшірмелері: біреуі Қазақстан Республикасына келу (кету) кезінде БӨП-не тапсырылады, екіншісі визаны берген Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде немесе ішкі істер органында қалады.

Тізімде түзетулер мен толықтырулар жасалмайды!

17. Визаларды ресімдеу

56. Барлық санаттағы визалар жалған көшірмелерден қорғайтын өзіндік ерекшеліктері бар жапсырма түрінде және түстері бойынша ажыратылатын арнайы қағазда жасалынады, сондай-ақ, әртүрлі сериялары болады - ДВ (дипломатиялық), ҚВ (қызметтік), ИНВ (инвесторлық), ІСВ (іскерлік), ЖСВ (жеке), ТСВ (туристік), ОУВ (оқуға арналған), ЕАВ (емделуге арналған), ЖЕВ (жұмыс істеуге арналған), ТТВ (тұрақты тұруға), ал транзиттік визада - ТВ сериясы бар.

Визалық жапсырма бірдей сериясы және нөмірі бар визаның өзінен (түпнұсқа) және көшірмесінен тұрады.

57. Визаны ресімдеу кезінде әрбірінде серияның алдында оны берген мекеменің коды қойылады және консулдық лауазымды тұлғаның (көші-қон полициясының лауазымды тұлғасының) фамилиясы көрсетіліп, қолы қойылады.

ҚР СІМ қажеттілік бойынша ереже ретінде реттік кодын өзгертеді, бірақ жылына бір реттен кем емес, ол туралы Қазақстан Республикасының шет елдердегі консулдық мекемелерін, ҚР ІІМ және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін уақытында хабардар етеді.

58. Визалардың толтырылуы қолмен (визалар берудің автоматтандырылған тәсілін енгізгенге дейін) немесе компьютерде жасалады.

Визаларды беру күні мен жарамды мерзімі сандармен қойылады (мысалы: 3 5 . 0 9 . 2 0 0 0) .

59. Келу визасын ресімдеу кезінде, тиісті санатты және сериялы визаның, ІВ сериялы визаны қоспағанда, "түрі/type" бағанындағы "шығу/exit - "кіру/entry" сөздері сызылып тасталынады.

60. Кету визасын ресімдеу кезінде, "түрі/type" бағанында "кіру/entry" сөздері сызылып тасталынады, ал "басталу мерзімі/valid from" және "аяқталу мерзімі/valid until" бағандарында визаның жарамды мерзімдері қойылады.

61. Келу-кету визаларын ресімдеу кезінде тиісті санатты және сериялы

визаның "түрі/type" бағанының оң жақ шетіндегі "кіру/entry" сөзі сызылып тасталынады "басталу мерзімі/valid from" бағанында визаның басталу күні қойылады және "аяқталу мерзімі/valid until" бағанында визаның аяқталу мерзімі қ о й ы л а д ы .

62. Келу-кету визаларын беру кезінде де екі күн қойылады: біріншісі, визаның жарамдылығының басталу мерзімі екіншісі, оның қай уақытқа дейін жарамдылығы. Тиісті санатты және сериялы визаның "түрі/type" бағанының сол жағы шетіндегі "кіру/entry" сөзі сызылып тасталынады.

63. Бір тұлғаға ресімделген визаның "өзімен бірге/accompanied by" бағанында с ы з ы қ ш а қ о й ы л а д ы .

Егер виза иесінің төлқұжатында оның отбасы мүшелері кіргізілсе және олар онымен бірге заңды негізде еріп жүрсе "өзімен бірге/accompanied by" бағанында олардың заңы жазбаша түрде көрсетіледі, ал оның қатарына жақшаның ішінде " төлқұжат бойынша" деп жазылады (мысалы: "(төлқұжат бойынша) бір бала", "(төлқұжат бойынша) екі бала)" және т.б.

Егер отбасы мүшелері төлқұжат иесінің құжатына жазылмай, өздерінің жеке жол жүру құжаттары болса, ол кезде осы бағанда адамдардың саны көрсетіледі, ал оның қатарына жақшаның ішіне "бөлек" деп жазылады (мысалы "бір бала (бөлек)"), ал "қосымша мәліметтер/additinal information" бағанында баланың жол жүру құжатының түрі мен нөмірі көрсетіледі.

Егер төлқұжат иесімен бірге өзінің жеке жол жүру құжаттары бар үш баладан артық жүретін жағдайларда, онда бөлек визалар беріліп, "қосымша мәліметтер/additinal information" бағанында олармен бірге жүретін тұлғаның төлқұжатының түрі, сериясы және нөмірі көрсетіледі.

64. ДВ (дипломаттық), ҚВ (қызметтік), ИНВ (инвесторлық), ІСВ (іскерлік), ТСВ (туристік), ОУВ (оқуға арналған), ЕАВ (емделуге арналған), ЖЕВ (жұмыс істеуге арналған), ТТВ (тұрақты тұруға арналған) сериялы визалардың " шақырған мекеме/inviting organization" бағанында міндетті түрде шақырушы ұйымның аты көрсетіледі (мысалы: "ҚР Қаржы министрлігі", "Ақ бота" ЖШС, " Астанасервис" АҚ және т.б.), ал ЖСВ сериялы "Жеке" санаттағы визада Қазақстан Республикасына уақытша келуге шақыру қағазының нөмірі қойылады және шақыруды ресімдеген органның аты көрсетіледі (мысалы: 21.04.2000 жылғы 0376945 Астана қаласының ІІБ).

65. Визалардың жарамды мерзімін ұзарту "қосымша мәліметтер/additinal information" бағанында визалардың нөмірі, жарамдылығының өтіп кеткен мерзімін (мысалы: "визаларды ұзарту - 943 КМВ N 0275386") көрсетумен, сол санатты және сериялы жаңа виза беру жолымен жасалады.

66. "Қосымша мәліметтер/additinal information" бағанына да мынадай қажетті мәліметтер енгізуге болады:

1) төлкүжат иесінің жүрген көлік құралының маркісін, моделін (түрпатын) (мысалы: "автомобиль Toyota land Cruiser Prado, AF-723 R");

2) халықаралық жеделхаттың жіберілген күні мен нөмірін, егер жеделхат негізінде виза берілген жағдайда туыстарының біреуінің (немесе ауыр науқастың жай-күйін) қайтыс болғанын растайтын фактісін;

3) шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың баруына жабық елді-мекеннің атауын, егер көрсетілген санатты тұлғалардың оған баруына рұқсат етілген жағдайда ҚР СІМ растамасының нөмірі мен күнін (мысалы: "Курчатов қаласы, N 01027/3 11.04.2000 жыл");

4) шетелдік мемлекеттердің халықаралық жолаушы және жүк тасымалдауды жүзеге асыратын көлік компанияларының жүргізушілеріне (мамандарға, механиктерге, бухгалтер-кассирлерге) егер, виза берудің негіздемесі тасымалдауды жүзеге асыру болып табылса (мысалы "халықаралық тасымалдар") ;

5) Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету пункттері мақсатқа сай және қажет болғанда;

6) жұмыс күшін тартуға құқық беретін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің рұқсат (лицензия) нөмірін;

7) басқа қосымша мәліметтер.

Осы бағанда қосымша мәліметтер болмаған жағдайда сызықша қойылады.

67. Бір мәртелік немесе көп мәртелік (екі мәртелік, үш мәртелік) визаларды беру кезінде тиісті сериялы (ДВ, ҚВ, ИНВ, ІСВ, ТСВ) визалық жапсырма бланкілердің "мәртесі/entries" бағанында керек емес белгілер сызылып т а с т а л ы н а д ы .

68. Визалардың мәтінінде өзгертулерге жол берілмейді. Осы бапта көрсетілген өзгертілген мәтіндердегі (сандармен) немесе өзгеше түрде ресімделген визалар жарамсыз болып есептеледі.

18. Визаларды алу үшін ұсынылған құжаттарға қойылатын талаптар

69. Қазақстан Республикасының визалары шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға төлкүжаттарды немесе егер оларды алмастыратын құжаттарды көрсеткенде оның түпнұсқалылығына және иесінікі екендігіне күмән келтірмейтін болса беріледі.

Төлкүжатта немесе оны алмастыратын құжатта ескертілмеген тазартып өшіру мен өзгертулер, фотокөргішкесі мөрмен бекітілмеген және беттері сөгілгендігі табылған жағдайда бұндай құжаттардың иелеріне визалар берілмейді.

Құжаттардың жарамсыздығы немесе жалғандығы, оларда жасалған ескертілмеген өзгертулердің себебі бойынша виза беруден бас тарту жағдайы туралы міндетті түрде ҚР СІМ-н хабардар ету қажет.

19. Визаларды беру тәртібі

70. Қазақстан Республикасына келуге арналған визаларды (келу) және Қазақстан Республикасына келуге - Қазақстан Республикасынан кетуге арналған (келу-кету) визаларды шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға ҚР, ҚР СІМ-нің мекемелері мен консулдық пункттері, ал ондайлар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының арнайы уәкілдік берілген өкілдіктері б е р е д і .

71. Қазақстан Республикасынан кетуге арналған визаларды (кету) және Қазақстан Республикасынан кетуге - Қазақстан Республикасына келуге арналған визаларды шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында ҚР ІІМ, Астана қаласындағы ІІБ, Алматы қаласындағы БІІБ, облыстардағы ІІБ-лары береді.

72. ҚР СІМ-де және оның өкілдіктерінде төлқұжаттары тіркелген шетелдік азаматтарға кету және кету-келу визаларын беру осы ұйымдарда жасалынады.

73. Қазақстан Республикасының визаларын беру негіздемесі және олардың ж а р а м д ы л ы қ м е р з і м і н ұ з а р т у :

1) Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерінде өзге тәртіп көзделмесе шетел мемлекеттерінің халықаралық ұйымдары мен өкілдіктерінің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары және мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың және басқа да мемлекеттік заңды тұлғалардың ұлттық қауіпсіздік органдарымен белгіленген заңды тәртіпте ресімделген және келісілген жазбаша өтініші (шақыруы);

2) Қазақстан Республикасына мемлекеттік емес ұйымдардың шақыруы бойынша жеке істермен, турист ретінде, іскерлік мақсаттармен немесе тұрақты тұруға келетін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар үшін ішкі істер органдарының рұқсаты болып табылады.

Ескертпе: ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелеріне Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу үшін шетел мемлекеттерінің дипломатиялық, консулдық, сауда және өзге де өкілдіктері, сондай-ақ болатын елдерінің сыртқы саяси ведомстволары өтініш білдіре алады.

74. 73 тармақтың 2 тармақшасында көрсетілген жеке тұлғалардың және мемлекеттік ұйымдардың шақыруы бойынша шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың келуі үшін құжаттарды ресімдеу тәртібі және оларды ҚР СІМ-не визалық қолдау көрсету үшін ұсынуды немесе оны шетелдік өкілдіктерде ресімдеуді Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша ҚР ІІМ айқындайды.

75. Шетелдік азамат Қазақстан Республикасына келу үшін визалар беру

туралы өтінішті алуы бойынша Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі ҚР ПМ-БПБ-ПБ-ның белгіленген үлгідегі шақыру түпнұсқасын немесе ҚР СІМ-нің визалық қолдауын (өтініштердің негізінде берілетін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсаты), ұсынылған төлқұжаттың түпнұсқалылығы мен жарамдылығын осының жарамдылық мерзімі сұралған визаның аяқталу мерзімінен кейін 6 айдан ерте емес уақытта аяқталуы тиіс, фотокөртiшкемен бiрге визалық сауалнама (сауалнамадағы аты-жөнi қосымша латын әрiптерiмен көрсетiледi) толтырудың дұрыстығын тексередi және визаны ресiмдеу жөнiнде шешiмдi қабылдау үшiн өтiнiш бiлдiрушiден оның сапары мақсатын және басқа да сұрақтарды анықтау қажет болуы мүмкiн.

Ескертпе: ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда ҚР ішкі істер органдарының шақыруы немесе рұқсаты болуы талап етілмейді.

76. Өтінішті зерделеу кезінде:

1) өтініш білдірушінің "ТМД аумағына кіруге жабық тұлғалардың тізімі" бойынша өтпейтіндігіне көз жеткізу;

2) өтініш білдірушімен әңгіме барысында немесе басқа деректемелерден алынған мәліметті және төлқұжат мағлұматын визалық сауалнамадағы сұрақтарға жауаптардың мазмұнымен салыстыру;

3) өтініш білдірушінің Қазақстан Республикасында болғаннан кейін төлқұжаттық құжаты оған тұрақты тұратын елге қайтып оралуына немесе басқа елге кетуіне құқық беретіндігін анықтау;

4) Қазақстан Республикасына кіруге арналған виза беру мүмкіндігін ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу (ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелері үшін - ҚР СІМ визалық қолдауының немесе ҚР ішкі істер органдарының рұқсаты бар болуына көз жеткізу және олардың біреуі болмаған жағдайда белгіленген үлгіде сұрау салу жолымен ҚР СІМ-нің Консулдық қызмет департаменті арқылы ұлттық қауіпсіздік органдарымен виза беру мүмкіндігін келісу).

77. Өтінішті зерделеу нәтижесінде консулдық мекеме осы Нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, виза беру немесе виза беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескертпе: Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемесінің сұрау салуына ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментінің жауабы, ҚР СІМ-нің басқа нұсқауы болмаған жағдайда бір мәртелік виза ҚР СІМ шетелдік мекеменің сұрау салуын алғаннан кейін жеті күннен соң берілуі мүмкін.

Көп мәртелік (екі мәртелік, үш мәртелік) виза ҚР СІМ-нің растамасынсыз берілмейді.

78. Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі "ТМД аумағына кіруге жабық тұлғалардың тізімі"-не қосылған шетелдік азаматтарға виза беруден бас тартады және біруақытта осындай тұлғалардың виза үшін өтініш білдірген

фактісі туралы ҚР СІМ-н хабардар етеді (қажет жағдайда кіруге жабық туралы нұсқаулық хаттың күніне және нөміріне сілтеме жасай отырып).

Өтініш білдірген тұлғаларға виза беруден бас тартудың себептері х а б а р л а н б а й д ы .

79. "ТМД аумағына кіруге жабық тұлғалардың тізімі"-не өзгерістерді Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгіленген тәртіппен енгізеді, бұл туралы уақтылы ҚР СІМ-нің Консулдық қызмет департаментін хат түрінде немесе дискеттік нұсқада хабардар етеді. ҚР-ның шетелдік консулдық мекемелері "тізімге" өзгерістерді ҚР СІМ-нің нұсқауы бойынша жасайды.

80. Шетелдік азаматқа және азаматтығы жоқ тұлғаға Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық мәртебесі туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығындағы 22-ші б а п қ а с ә й к е с :

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе тұрғындардың денсаулығын қорғау мүдделерінде;

2) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

3) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандырса;

4) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

5) егер ол террористік қызмет үшін айыпталса немесе сот оны аса қауіпті қылмыскер деп мойындаса;

6) егер ол бұрын Қазақстан Республикасынан кетірілсе;

7) егер ол бұның алдында Қазақстан Республикасында болған уақытында Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы заңдарын, кедендік, валюталық немесе өзге де Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны туралы фактілері анықталса;

8) егер ол кіру туралы өтініш білдірген кезінде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе қажетті құжаттарды бермесе;

9) Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарымен көзделген өзге де жағдайларда ҚР-ның визасын беруден бас тартылуы мүмкін.

81. Шетелдік азаматқа және азаматтығы жоқ тұлғаға Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық мәртебесі туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығындағы 23-ші б а п қ а с ә й к е с :

1) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздемелер бар болса іс бойынша аяқталу мерзіміне дейін;

2) егер ол жасаған қылмысы үшін сотталса - жазасын өтеуге дейін немесе ж а з а д а н б о с а т ы л с а ;

3) егер ол сотпен оған жүктелген міндеттемелерді атқарудан жалтарса - міндеттемелерін атқаруға дейін;

4) Қазақстан Республикасының белгіленген заң актілерінің өзге де негіздері бойынша ;

5) Қазақстан Республикасының заңды актілерімен белгіленген өзге де негіздемелер бойынша кету визасын беруден бас тартылуы мүмкін.

82. Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу егер, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерінде өзге ережелер белгіленбесе, ҚР СІМ бекіткен және ҚР Қаржы министрлігімен келісілген заңды тәртіптегі белгіленген Тарифке сәйкес, консулдық алымдар және нақты шығындар төленгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

20. Визалардың жарамды мерзімі және оларды ұзарту тәртібі

83. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту туралы шешімді ҚР СІМ және ішкі істер органдары қабылдайды .

Қабылданған шешімдер негізінде осы нұсқаулықтың тармақтарындағы ережелерге сәйкес олардағы визалардың және оларды қабылдаған ұйымдар мен жеке тұлғалардың немесе шетелдіктердің өздерінің жазбаша өтініш берген сәттен бастап, үш тәулік ішінде тіркелген төлқұжаттарының жарамды мерзімі ұзартылады .

Визалар мен тіркелген төлқұжаттардың жарамды мерзімін қайта ұзарту шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту қажеттілігін растайтын құжаттары болған кезде (лицензия, контракт және т.б.) ғана рұқсат етіледі .

Визалардың жарамды мерзімін ұзарту кезінде санаты және визалық жапсырманың сериясы өзгермейді.

Ерекше жағдайларда (науқас, төтенше жағдайларда), Қазақстан Республикасына келетін шетелдік азамат визасының санаты мен мәртебілігін өзгертуді Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша жаңа визалар беру жолымен ҚР ІІМ жасауы мүмкін.

84. Төлқұжаттары ҚР СІМ-де және оның өкілдіктерінде тіркелген шетел мемлекеттерінің ресми делегациялары мүшелеріне, министрліктер мен ведомство делегацияларына, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары және мемлекеттік заңды тұлғалардың шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келген тұлғаларға, сондай-ақ ҚР СІМ-де ашылған шетелдік дипломатиялық және консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың және шетел мемлекеттерінің өзге де өкілдіктері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін ұзарту ҚР СІМ-мен жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Өзге жағдайларда шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін ұзарту осы Нұсқаулық тармақтарының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен жүзеге асырылады.

85. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін ұзарту кезінде (визаларды ресімдеу және тіркеу) ұлттық қауіпсіздік органдарымен қосымша келісу талап етілмейді.

86. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде ҚР-ның визаларын Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінен жазбаша сұрау салу негізінде қабылдаған ҚР СІМ-нің рұқсаты бойынша ҚР СІМ-нің шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері ұзартады.

ҚР СІМ-нің нұсқауы бойынша берілген пайдаланылмаған визалардың жарамды мерзімін ұзарту үшін ҚР СІМ-нің қосымша келісімі талап етіледі. Бұл туралы сұрау салуда визалардың пайдаланылмаған себептері көрсетілуі тиіс. Бұл туралы сұрау салуда визалардың пайдаланылмаған себептері көрсетілуі тиіс.

87. ҚР СІМ-нің Қазақстан Республикасына шетелдік азаматтардың кірген және келген нақты күні мазмұндалған Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемесіне визалар беруге рұқсаты оларда көрсетілген мерзімнің аяқталуы бойынша күшін жояды.

Шетелдік азаматтардың келуі және кетуі нақты көрсетілмеген, ал олардың тек Қазақстан Республикасында болу ұзақтығы айқындалған ҚР СІМ-нің рұқсаты Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінен мұндай рұқсатты алған сәттен бастап үш ай ішінде жарамды.

21. Визаларға қол қою құқығы

88. Қазақстан Республикасының визаларына:

1) ҚР СІМ-нің бұған уәкілетті Консулдық қызмет департаментінің жедел-дипломатиялық қызметкерлері, сондай-ақ ҚР СІМ шетелдік мекемелерінің консулдық лауазымды тұлғалары, елшілер, дипломатиялық миссиялардың және консулдық мекемелердің басшылары;

2) ҚР ІІМ-нің көші-қон полициясы департаментінің, облыстардағы ПБ, Астана қаласындағы ПБ, Алматы қаласындағы ҚІПБ көші-қон полициясы басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары немесе олардың орынбасарлары қ о л қ о я д ы .

89. Қазақстан Республикасының шет елдердегі консулдық мекемелері және ҚР ІІМ-нің көші-қон полициясы департаменті қажеттікке қарай визаларға қол қоюға уәкілетті тұлғалар туралы (фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты, лауазымы) ҚР СІМ-н хабардар етіп, олардың қолдарының үлгілерін үш данада, сондай-ақ Қазақстан Республикасының визасын берген мекеменің (органның) дөңгелек

гербтік (визалық) мөрі оттискілерін (таңбаларын) жібереді.

ҚР СІМ қазақстандық визаларға қол қоюға уәкілетті құқығы бар тұлғалар туралы уақытында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметін және ҚР ПМ-н хабардар етеді.

22. Берілген визалардың есебі

90. Ресімделген визалар туралы деректер дипломаттық, қызметтік, іскерлік және транзиттік визалардың арнайы есеп журналына енгізіледі. "Инвесторлық", "жеке", "туристік", "оқуға арналған", "жұмысқа арналған", "емделуге арналған" және "тұрақты тұруға арналған" санаттағы визаларға "визалар N" бағанында тиісті визалық жапсырмалар сериялары көрсетілген бірыңғай жеке есеп журналы а р н а л а д ы .

Журналдар нөмірленген, жіппен тігілген, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктердің консулдық бөлімдері, Консулдық мекемелер, ҚР СІМ ККД, ҚР ПМ КПД, облыстардағы ІБ, Астана және Алматы қалаларындағы КПБ басшыларының мөрімен және қолымен расталған болуы керек.

91. Визалық жапсырмалар бланкілері қатаң есеп-қисапты құжат болып т а б ы л а д ы .

ҚР-ның шет елдегі дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесі, сондай-ақ ҚР СІМ-нің консулдық пункттері және өкілдіктері әр айдың 5-і күні Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне берілген визалар, түскен консулдық алымдардың сомасы туралы және фактілік шығындардың өтеу есебіне, сондай-ақ визалық жапсырмалар шығыстары туралы белгіленген үлгідегі статистикалық есебін тапсырады.

92. Толтыру кезінде бүлінген визалық жапсырмалар блокта (кітапшада) қалады. Мұндай әр факті бойынша тиісті акт жасалынады.

93. Әр түрлі себептер бойынша (мерзімдердің, санаттардың, түрлердің т.б. өзгеруі) төлқұжаттағы (жол жүру құжатында) визалардың күшін жоюы жағдайларында, құжаттан фотокөргішкелі беттің және төлқұжаттық деректердің, сондай-ақ визаның күші жойылған бетінің ксерокөшірмесі алынады. Сонымен бірге тиісті акт жасалынады.

23. Халықаралық шарттар

94. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында осы Нұсқаулықта қамтылғандардан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

Қосымша

ҚР-НЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ (ДВ), ҚЫЗМЕТТІК (ҚВ), ІСКЕРЛІК (ІСВ) ВИЗАЛАРЫН БЕРУ ЕСЕП ЖУРНАЛЫНЫҢ НЫСАНЫ

р/с	тарды	Виза.	Азамат.	Фами.	Туған	құжат	ды беру	Шақы	Виза	Мәрте	
	қабыл.	лар	тығы	лиясы	жылы	тың	негізде	рушы	лар	лілігі	
	дау	N		Аты-	айы	серия	месі	тарап	дың		
	күні			жөні	күні	сы N	(визалық	түрі			
							қолдауN)				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Виза.	Консулдық									
лардың	алым		тү.	Нақ.	тү.	Визалар.	Алушы.			
жарам.		бір.	ты	бір.	дың	ның	Ескерту			
ды	тариф	Жедел	тек	шығ.	тек	берілген	қолы			
мер.	бойын.	жасау	N	ыс.	N	күні				
зімі	ша	үшін		тар						
12	13	14	15	16	17	18	19	20		

ҚР-НЫҢ ИНВЕТОРЛЫҚ (ИНВ), ЖЕКЕ (ЖСВ), ТУРИСТІК (ТСВ), ОҚУҒА АРНАЛҒАН (ОУВ), ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН (ЖЕВ), ЕМДЕЛУГЕ АРНАЛҒАН (ЕАВ), ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА АРНАЛҒАН(ТТВ) ВИЗАЛАРЫН БЕРУ ЕСЕП ЖУРНАЛЫНЫҢ НЫСАНЫ

N

Құжат.	Виза.	Ви.	Аза			төл.	Визалар.				
р/с	тарды	лық	за.	мат	Фами	Туған	құжат	ды беру	Шақы	Виза	Виза
	қабыл.	жапсыр	лар	ты	лиясы	жылы	тың	негізде.	рушы	лар.	лар.
	дау	маның	N	ғы	Аты-	айы	серия	месі	тарап	дың	дың
	күні	серия.			жөні	күні	сы N	(визалық	сан	түр.	
		сы						қолдауN)	аты	лері	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Мәр.	Виза.	Консулдық								
те.	лардың	алым		тү.	Нақ.	тү.	Визалар.	Алушы.		
лі.	жарам.		бір.	ты	бір.	дың	ның	Ескерту		
лі.	ды	тариф	Жедел	тек	шығ.	тек	беру	қолы		

гі	мер.	бойын.	жасау	N	ыс.	N	күні			
	зімі	ша	үшін		тар					
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	

ҚР-НЫҢ ТРАНЗИТТІК (ТВ), ВИЗАЛАРЫН БЕРУ ЕСЕП ЖУРНАЛЫНЫҢ НЫСАНЫ

N	Құжат.			төл.	Визаларды	р/с	тарды	Виза.	Азамат.	Фами.
	Туған	құжат.	беру		негіз.			Жарам.		
		қабыл.	лар	тығы	лиясы,	жылы	тың	месі(визалыр.		ды
	дау	N			Аты-	айы	серия.	дың болуы,		мерзі.
	күні				жөні	күні	сы N	баратын елі,		мі
								авиабилет		
									1	2
3	4	5	6	7	8	9				

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

	Консулдык									
	алым		тү.	Нақ.	тү.	Берілген	Алушы.			
		бір.	ты	бір.	күні		ның	Ескерту		
	тариф	Жедел	тек	шығ.	тек		қолы			
	бойын.	жасау	тің	ыс.	тің					
	ша	үшін	N	тар	N					
	10	11	12	13	14	15	16	17		